



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Список использованных источников

1. Об актах гражданского состояния: Федеральный закон от 15 ноября 1997 г. № 143-ФЗ: ред. от 3 июля 2016 г. // Собрание законодательства РФ. 1997. № 47. Ст. 5340.
2. Семейный кодекс Российской Федерации от 29 декабря 1995 г. № 223-ФЗ: ред. от 30 декабря 2015 г. // Собрание законодательства РФ. 1996. № 1. Ст. 16.
3. Официальный сайт автономной некоммерческой организации «Аналитический Центр Юрия Левады» // URL: <http://www.levada.ru>.
4. Об основах охраны здоровья граждан в Российской Федерации: Федеральный закон от 21 ноября 2011 г. № 323-ФЗ: в ред. от 1 января 2017 г. // Собрание законодательства РФ. 2011. № 48. Ст. 6724.
5. Официальный сайт международного центра репродуктивной медицины «Меркурий» // URL: <http://www.infertility.su>.
6. Гражданский кодекс Российской Федерации (часть вторая) от 26 января 1996 г. № 14-ФЗ: в ред. от 23 мая 2016 г. // Собрание законодательства РФ. 1996. № 5. Ст. 410.

УДК 301.2

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Елеубекова Б.Е.

yeleubekova@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Заң факультетінің 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.А. Мукашева

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің IX бөліміндегі 46 – тарауында «Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік және экологиялық дауларды шешу» деп аталады [1]. Шын мәнінде экологиялық жауапкершілікке Қазақстан Республикасының табиғатын және оның құрамдас бөлігі болып табылатын табиғи ресурстар туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершіліктер жатады.

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін заңдық жауапкершіліктің бастамасы экологиялық заңдардың талабын бұзушылық болып саналады [2, 37 б.].

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік ұғымына көптеген отандық және шетелдік авторлар түсініктеме берген. Мысалы, В. В. Петровтың пікірінше, экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілікке тартудың негізі экологиялық құқық бұзушылықты жасау болып табылады, одан экологиялық құқықтың нормаларын реттеуді бұзатын құқыққа қарсы кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік, мемлекетке, табиғат пайдаланушыға және қоршаған ортаға зиян келтіретін, ал осы арқылы адамның денсаулығына да, не осындай зиян келтірудің нақты мазмұны болатын қоғамдық қатынастар түсініледі [3, 145 б.].

Жалпытеориялық ұстаныммен профессор Нерсисянц В.С. «Құқық бұзушылық – бұл қолданыстағы құқықта заңи жауапкершілік көзделген деликтқабилетті субъектінің заңсыз (құқыққа қарсы), қоғамға қауіпті, кінәлі іс-әрекеті (әрекет немесе әрекетсіздік)», - дейді [4, 43 б.].

Профессор Бринчук М.М. пайымдауы бойынша экологиялық құқық бұзушылық – бұл құқыққа қабилетті субъектімен жасалынатын, экологиялық зиян тудыратын немесе осындай зиян тудыру қаупі бар, сондай-ақ экологиялық құқық субъектісінің құқықтық қызығушылықтарын немесе басқа да құқықтарын бұзатын құқыққа қарсы, кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) [5, 212 б.].

Сондай-ақ М.М.Бринчук экологиялық құқық бұзушылықтың мазмұнына анықтама бергенде келесідей 2 жағдайға назар аударады. Біріншісі, экологиялық маңызды құқыққа қарсы әрекет кінәлі болып табылуы міндетті емес. Мысалы, зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан, қауіптілік көзі жоғары келтірілген зиян қалпына келтірілуі тиіс. Екіншіден, экологиялық құқық бұзушылықтың жасалуы зиян келтірумен әрқашанда бірге жүрмейді. Кейбір жағдайларда, зиян келмеуі мүмкін, бірақ оның басталуына шынымен қауіп төнеді. Мысалы, агрохимиялық жұмыстардың жасалуынан кейін агрохимикаттардың қалдықтары ережеге сәйкес қоймаларға апарылудың орнына сақтау өрісінде қалдырылды. Осындай жағдайларда (жаңбыр жауса немесе агрохимикаттардың қалдықтарын жануарлар жеген жағдайларда) экологиялық зиян келтірілуі мүмкін еді.

Құқық бұзушылықтардың ерекшеліктерін ескере отырып, оларға жалпы сипаттар тән екенін көруге болады.

Жоғарыда көрсетілген анықтамалардан мынаны аңғаруға болады: экологиялық құқық бұзушылық дегеніміз – қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалануды бұзатын және адамның денсаулығына экологиялық ауыр зияндарды тигізетін құқыққа қарсы әрекет немесе әрекетсіздік.

Экологиялық құқық бұзушылық ұғымына анықтама бергенде экологиялық қарым – қатынас қоғамы шеңберінің кеңеюіне қарамастан, Қазақстан Республикасының жауапкершілік туралы заңнамасы экологиялық құқық бұзушылықты, жеке мүлікке қарсы, басқару тәртібіне қарсы құқық бұзушылықты шектеу фактісін ескеру қажет.

Экологиялық құқық бұзушылықтың ұғымын, белгілерін, мәнін әзірлеуге арналған анықтамалар көптеген әдебиет жұмыстарында бар. ТМД елдерінің авторларымен жазылған заңи әдебиеттерде қызықты пікірлер қарастырылған. Сонымен қатар, заңи білімнің дамуы бұрын болған Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы кезіндегі ғылым мен білімнің дамуымен ортақ анықталған тарихты негіздейді. Осыған байланысты ТМД елдерінің авторларының теориялық ережелерінің салыстырмалы – құқықтық талдауына үндеуі қызықты жүзеге асты [4, 43 б.].

Осы заманғы құқықтың теориясымен мыналар көзделген: құқық бұзушылықтың құрамына субъект, субъективтік жақ, объект, объективтік жақ жатады. Бұл құрамдас бөліктер экологиялық құқық бұзушылыққа да сипатты болады.

Экологиялық заң бұзушылықтың объектісі – экологиялық нормалармен реттелген және реттелетін қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі қоғамдық қатынастар. Бұл объекті екіге бөлінеді. Жалпы экологиялық объектіге – табиғат немесе қоршаған ортаны қорғау туралы қатынастар. Салалық экологиялық объектілерге – жер, су, орман, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, атмосфералық ауа, жер қойнауы, пайдалы қазбалар, ерекше қорғалатын табиғи объектілер, континентальдық шельф туралы пайда болатын және экологиялық заңдармен реттелген және реттелетін қатынастар жатады. Олардың ішінде құқықтық реттелуге қарай табиғи ресурстарға мемлекеттік және жеке меншік құқығы, табиғатты пайдаланушылардың құқығын қорғау, климат пен озон қабатын қорғау жөніндегі қатынастар өз алдына экологиялық заң бұзушылықтың объектісі бола алады.

ҚР Экологиялық кодексінің 1 – бабында қоршаған ортаны қорғау объектілеріне жер, оның қойнауы, су, атмосфералық ауа, орман мен өсімдіктер, жануарлар дүниесі, табиғи экологиялық жүйелер, климат және жердің озонды қабаты, экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды қоршаған орта объектілері аталған [1]. Бұл тұжырымның бір жақты екенін мақаланың бастапқы жағынан атағанбыз. Себебі экологиялық құқықтық қатынастар табиғатты және оның ажырамас бір бөлігі табиғи ресурстарды қорғау жөнінде ғана емес, оны пайдалану және табиғи ресурстардың өсімін, өнімін молайту және қорғау және пайдалану, экологиялық апат және ахуал жөнінде де құқықтық қатынастар пайда болады. Экологиялық заңдарда реттелген және реттелетін осы қатынастар ішінде заң бұзушылық қатынастар олардың құрамдас бөлігі болып саналады.

Экологиялық құқық бұзушылық объектісі қылмыстық ниеттің неге бағытталғанын сипаттайды. Экологиялық құқық бұзушылықтың жалпы объектісі табиғат және оның құрамындағы элементтер болады, олар экологиялық құқық қатынастарының кіші объектілерінде топыраққа, суға, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне т.б. бөлінеді. Мынаны атап көрсету керек: экологиялық заңнамамен өз болмысында экологиялық құқық бұзушылықтың объектісі бола алмайтын құқықтар болады, мысалға айтсақ, табиғи ресурстардың меншік иесі ретінде мемлекеттің меншік құқығы. Мысалы, Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 164 – бабында былай делінген: меншік құқығы мен жер пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде көзделген тәртіппен қорғалады [6].

Экологиялық заң бұзушылықтың субъектісін екіге бөліп қарау дұрыс болады. Себебі тұлғалар табиғатты және табиғи ресурстарды пайдаланушы тұлғалар мен табиғи ресурстарды заң жүзінде пайдаланушыларға жатпайтын тұлғаларға бөлінеді.

Табиғат пен табиғи ресурстарды пайдаланушыларға экологиялық заңның 12 – бабында қаралған тұлғалар және осы заңның 13 – бабында аталған табиғатты жалпы пайдаланушылар жатады. Табиғатты пайдаланбайтындарға басқа тұлғалар жатады [1].

Аталған 12 – бапта көрсетілген субъектілердің ішінде ұлттық және шетелдік табиғат пайдаланушылар, шет мемлекеттер, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар бар. Экологиялық құқық бұзушылардың субъективтік мәртебесі заң бұзушылықтың, жауапкершіліктің түрлеріне және олардың жасына байланысты болады. Заң бұзушы субъектілердің жауапкершілік жасы еңбек, азаматтық, әкімшілік және қылмыстық заңдардың нормаларымен белгіленеді.

Экологиялық заң бұзушылықтың объективтік тарапы өзінің үш құрылымы (элементтері) мен ерекшеліктері:

Бірінші: құқық бұзушының қимылының заңға қайшылығы;

Екінші: экологиялық зиян келтірген немесе зиян келтіру қаупі бар немесе экология құқығы субъектілерінің басқа да заңды құқықтары мен мүдделерін бұзушылық;

Үшінші: құқыққа қарсы іс-әрекет және экологиялық зиян келтіру немесе ондай зиянның келуіне нақты қауіптің немесе экология құқығы объектілерінің басқа да заңды құқықтары мен мүдделерінің бұзылуы арасында байланысты болуы.

Құқық бұзудың объективті жағы кінәлі адамның құқыққа қарсы әрекеттер жасауынан немесе әрекетсіздігінен көрінеді. Мысалға, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде объективтік жағына пәрменді әрекеттер жататын баптар бар, бұл – 335-бап – "Балық ресурстарын, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз алу", 337-бап – "Заңсыз аңшылық", 340-бап – "Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау" және т.б [7]. Екінші жағынан, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында экологиялық құқық бұзушылықтар көзделген, олардың объективтік жағы әрекетсіздік болып табылады: қоршаған табиғи ортаны қалпына келтіру және табиғи ресурстарды молайту жөнінде шаралар қабылдамау; қоршаған ортаға ластаушы заттардың өндірістік нормативтен тыс шығарулары мен тастандылары және басқа да зиянды авариялық ықпалдары туралы хабарламау; мемлекеттік экологиялық сараптама талаптарын орындамау [1]. Мысалы, ҚР ҚК – нің "Экологиялық ластау зардаптарын жою жөнінде шара қолданбау" – 343-бап [7].

Экологиялық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы кінәлі адам жасалған қылмысқа, оның себептеріне, мүдделеріне қатысымен сипатталады. Экологиялық жауапкершіліктің міндетті факторы құқық бұзушының кінәсі болып табылады. Мұнда да қолданыстағы заңнама кінәнің екі нысанын— қасақана және абайсыздықты көздейді. Егер кінәлі адам табиғатқа немесе табиғат пайдаланушыларға зиян келтіретін әрекет жасаған және ол мұны ұғынып, осыған ниет етсе, онда біз тікелей қасақаналықты қарастырамыз. Егер кінәлі адам келеңсіз салдарлардың басталуына жол беретін болса, оның құқыққа қарсы әрекеттерінде жанама қасақаналық көрініс береді.

Сонымен, экологиялық заңдық жауапкершіліктің түрлеріне тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық, материалдық (азаматтық) және экологиялық салалық ерекше жауапкершіліктері жатады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212 Экологиялық Кодексі.
2. Стамқұлұлы Ә. Қазақстан Республикасының экология құқығы, Алматы, 1995ж., 205 бет.
3. В. В. Петров. Экология и право. - М.,1981. – С. 202.
4. Дюсенов Е.А. Юридическая ответственность за экологические правонарушения // Диссертация на соискание ученой степени кандидата юридических наук, Республика Казахстан, Астана, 2010, 133 стр.
5. Нерсисянц В.С. Общая теория и Общая теория права и государства. Учебник для вузов. Институт государства и права Российской Академии наук Академический правовой институт. Издательская группа НОРМА – ИНФРА-М, Москва, 1999. С 517.
6. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Жер \ Кодексі.
7. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық кодексі Кодексі

УДК 347.61/.64

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СЕМЕЙНОГО ПРАВА

Жалыбина Анастасия Александровна

aoksitaanastasia@yandex.ru

Алтайский государственный университет, бакалавр, 1 курс
Барнаул, Россия

Российское семейное законодательство на современном этапе характеризуется правовой регламентацией этой отрасли права на высшем конституционном уровне. Конституция Российской федерации содержит ряд статей, которые прямо или косвенно связаны с развитием институтов семейного права.

В современном обществе проблемам семьи уделяется повышенное внимание. Особенно актуальны вопросы, связанные с суррогатным материнством, усыновлением, домашним насилием.

Если говорить об усыновлении, то в этой сфере большую обеспокоенность экспертов в области семейного права вызывают негативные тенденции, связанные с усыновлением российских детей иностранными гражданами. Это связано с отсутствием надлежащего контроля со стороны государства за данной сферой. Именно по этой причине в последнее время участились случаи, когда усыновлённые иностранными гражданами дети становятся жертвами насилия со стороны приёмных родителей. Несмотря на то, что Семейный кодекс устанавливает очерёдность, согласно которой дети в первую очередь должны передаваться на попечение в семьи граждан Российской Федерации, на практике, зачастую, всё происходит иначе. В настоящее время на территории нашей страны всё ещё осуществляется незаконная деятельность по подбору детей на усыновление в иностранные семьи. Порядок оформления документов на усыновляемого ребенка и кандидатов в усыновители предусмотрен Положением о порядке передачи детей, являющихся гражданами РФ, на усыновление гражданам Российской Федерации и иностранным гражданам, утвержденным Постановлением Правительства РФ от 15.09.95 г. N 917 в части не противоречащей нормам Семейного кодекса РФ. В ходе проверки Генеральной прокуратуры РФ выявлены многочисленные нарушения указанного законодательства, связанные с незаконной